



**АКТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**  
**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ**  
**ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ**  
**№ 12/4 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

«26» желтоқсан, 2025 ж

Ақтөбе қаласы

**Қатысушылар:** Жубаева С.О. – мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің меңгерушісі және бөлім әдіскерлері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Бөлім бойынша **22.12 - 26.12.2025 жыл** аралығында тапсырылған көмекші құралдарды қарау және баспаға ұсыну

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Жубаева С.О.** – бөлім меңгерушісі:

Бірінші сұрақ бойынша бөлім меңгерушісі сөз алып, бөлімге **22.12 - 26.12.2025 жыл** аралығында тапсырылған көмекші құралдарды уақытылы баспаға ұсыну туралы және апта барысында электронды орта бөлім кеңесінде қаралып, оң пікір берілгендігі туралы айтып өтті.

1. Улыкпанова Бакыт Жолдаскалиевна, Ойыл ауданы «Жолшы» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісінің «Арт-терапия балабақшада: сезім мен қиялды дамыту» әдістемелік құралы.

**Пікір берушілер:** С.О.Жубаева - Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының бөлім басшысы, ф.ғ. магистрі, А.А.Искендірова - Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері, п.ғ.магистрі.

**ШЕШІМ:**

Бөлім бойынша қабылданған әдістемелік құрал баспаға уақытылы ұсынылсын.

Төраға:

С.О. Жубаева

Хатшы:

Н.М. Кәрімова





Ойыл ауданы «Жолшы» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі  
Улыкпанова Бакыт Жолдаскалиевнанын  
«Арт-терапия балабақшада: сезім мен қиялды дамыту»  
тақырыбындағы әдістемелік құралына

### ПІКІР

Автор ұсынған «Арт-терапия балабақшада: сезім мен қиялды дамыту» атты әдістемелік құралын педагогикалық тәжірибе тұрғысынан қарастыруға болады. Құрал қазіргі балабақша тәрбиесінде балалардың психоэмоциялық және шығармашылық дамуын қолдайтын қолданбалы бағыттағы еңбек болып табылады.

Әдістемелік құралдың артықшылықтары:

Арт-терапияның педагогикалық негіздері – балалардың эмоциялары мен қиялын дамыту механизмдері ғылыми тұрғыдан түсіндірілген, бұл тәрбиешіге әр жаттығудың психологиялық әсерін түсінуге мүмкіндік береді.

Әдістердің әртүрлілігі – сурет салу, ойын, қуыршақ, маска, құм, музыка терапиялары сияқты әдістер жан-жақты сипатталған және олардың балалардың эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастырудағы маңызы көрсетілген.

Практикалық бағыттылығы – құралда ұсынылған жаттығулар мен тренингтер қысқа, нақты және педагогтың күнделікті тәжірибесінде қолдануға ыңғайлы. Әр жаттығудың мақсаты, құралдары мен күтілетін нәтижесі түсінікті түрде берілген.

Білім беру мақсаттарына сәйкестігі – құрал балабақша бағдарламасының негізгі бағыттарымен үйлеседі: эмоциялық сауаттылық, шығармашылық қабілеттерді дамыту, әлеуметтік қарым-қатынас, психоэмоциялық тұрақтылық.

Құралдың ерекшелігі – теория мен практиканы ұштастыра отырып, балалардың ішкі сезімдері мен ойларын шығармашылық әрекеттер арқылы білдіруіне мүмкіндік беруі, сондай-ақ педагогқа сабақ жоспарын құру және әр балаға жеке қолдау көрсету жолдарын көрсетуі.

«Арт-терапия балабақшада: сезім мен қиялды дамыту» әдістемелік құралы – педагогқа балалардың жан-жақты дамуына, эмоционалды тұрақтылығын қалыптастыруға және шығармашылық әлеуетін арттыруға арналған практикалық және сенімді көмекші құрал. Әдістемелік тұрғыдан қарағанда, құрал балабақша тәрбиешілерінің кәсіби шеберлігін арттыруға және балалардың психологиялық саулығын қолдауға мүмкіндік береді.

Пікір беруші: *А.А.Искендириева*

А.А.Искендириева – Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының бөлім әдіскері, п.ғ. магистрі



Ойыл ауданы «Жолшы» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиешісі

Улыкпанова Бакыт Жолдаскалиевнанын

«Арт-терапия балабақшада: сезім мен қиялды дамыту»

тақырыбындағы әдістемелік құралына

ПІКІР

Әдістемелік құрал балабақша деңгейінде балалардың психоэмоциялық және шығармашылық дамуын қолдайтын заманауи әдіс ретінде маңызды. Бүгінгі білім беру процесінде балалардың эмоцияларын түсіну, өзін-өзі басқару және қиялын дамыту мәселесі өзекті болғандықтан, құралдың тақырыбы педагогикалық тәжірибеде қажеттілікті толық қанағаттандырады.

Құрал арт-терапияның психологиялық және педагогикалық негіздерін түсінікті түрде сипаттайды. Фрейд, Юнг, гуманистік психология сияқты теориялар негізінде балалардың эмоциялары мен қиялын дамыту механизмі әдістемелік тұрғыдан дәлелденген. Бұл педагогқа әр жаттығудың психологиялық әсерін түсінуге мүмкіндік береді, яғни әдістемелік құрал тек практикалық қенес қана емес, ғылыми тұрғыдан да негізделген.

Құралда қолданылатын арт-терапиялық әдістер жүйелі түрде сипатталған: сурет салу, құм терапиясы, маска, ойын терапиясы, қуыршақ терапиясы, музыка терапиясы және т.б. Әр әдіс педагогикалық тұрғыдан балалардың когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын дамытуға арналған нақты мақсаттарға сәйкес таңдалған. Бұл әдістемелік шешім балабақша тәрбиешілеріне өз сабақтарында түрлі құралдар арқылы эмоция мен қиялды дамытуға мүмкіндік береді.

Құралда ұсынылған жаттығулар мен тренингтер қысқа, нақты және қолдануға ыңғайлы. Бұл балабақша тәрбиешілеріне арт-терапияны күнделікті сабаққа енгізуді жеңілдетеді. Әр жаттығудың мақсаты, құралдары және күтілетін нәтижесі анық көрсетілген, бұл әдістемелік тұрғыдан балалардың прогресін бақылау мен бағалауды жеңілдетеді.


Құралдың басты артықшылығы – теория мен практиканы ұштастыру. Педагогтарға тек жаттығуларды көрсетіп қана қоймай, олардың артында тұрған психологиялық механизмдерді түсіндіреді, бұл әдістемелік тұрғыдан сабақтың сапасын арттырады.

Әдістемелік құралдың мазмұны балабақша бағдарламасының негізгі бағыттарымен сәйкес келеді.

Бұл құрал тәрбиешіге балаларды жан-жақты дамытудың кешенді әдісін ұсынады.

Пікір беруші:

*С.О. Жубаева*  
С.О.Жубаева – Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының бөлім меңгерушісі, п.ғ.магистрі



**АРТ-ТЕРАПИЯ  
БАЛАБАҚШАДА: СЕЗІМ  
МЕН ҚИЯЛДЫ ДАМЫТУ  
ЖОЛДАРЫ**

---

**УЛЫКПАНОВА БАКЫТ  
ЖОЛДАСКАЛИЕВНА**

*Қол жазба және* 

**Мақсаты:**

Арт-терапия әдістерін қолдану арқылы балабақшадағы балалардың эмоционалды және шығармашылық дағдыларын дамыту мүмкіндіктерін анықтау.

**Міндеттері:**

- Арт-терапияның теориялық негіздерін зерттеу және оның балалар психологиясындағы орны мен маңызын айқындау;
- Балабақшадағы балалардың шығармашылық және эмоционалды дағдыларын арттыруға бағытталған арт-терапия әдістерін таңдау және жүйелеу;
- Арт-терапия әдістерінің тиімділігін тәжірибелік түрде тексеру және нәтижелерін талдау;
- Арт-терапияны қолдану барысында туындайтын қиындықтарды анықтап, оларды шешу жолдарын ұсыну.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Балалардың эмоционалды жағдайы жақсарып, өз сезімдерін еркін білдіру, эмоцияларын тану және реттеу дағдылары қалыптасады;
- Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттері дамып, қиялы, эстетикалық талғамы мен өзіндік ойлау ерекшеліктері айқындалады;
- Балалардың қарым-қатынас мәдениеті артып, өзара түсіністік, ынтымақтастық және сенімділік дағдылары нығаяды;
- Тәрбиешілер арт-терапияның тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеріп, оларды оқу-тәрбие үдерісіне шығармашылықпен енгізу мүмкіндігіне ие болады;

## **Мазмұны**

### **I. Кіріспе**

1.1. Арт-терапияның маңызы мен оның балабақшадағы рөлі туралы кіріспе

### **II. Теориялық бөлім**

---

2.1. Арт-терапия: негізгі ұғымдар мен теориялық негіздері

2.2. Сезім мен қиялдың дамуы: арт-терапияның психологиялық аспектілері

2.3. Арт - терапия әдістері: балалармен жұмыс істеу тәсілдері

2.4. Арт - терапиядағы визуализация және графикалық құралдар

2.5. Арт-терапияның түрлері

### **III. Тәжірибелік бөлім**

3.1. Арт-терапия әдістерін балабақшада қолдану: тәжірибелік зерттеу

3.2. Балалардың қиялын дамытуға арналған практикалық жаттығулар

3.3. Практикалық нәтижелер мен ұсыныстар: арт-терапияның тиімділігі

### **IV. Қорытынды**


### **V. Әдебиеттер тізімі**

## Арт-терапияны балабақшада қолдану негізіндегі іс-тәжірибенің тиімділігі

### 1. Педагогтер үшін:

Арт-терапияны оқу-тәрбие процесіне енгізу педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырып, балалармен жұмыс жүргізудің жаңа, шығармашылық тәсілдерін меңгеруіне мүмкіндік береді.

- Баланың ішкі жан дүниесін, эмоциялық күйін сөзсіз тәсілдер арқылы түсінуге жағдай жасайды;
- Әр баланың жеке ерекшелігін, қабілеті мен қызығушылығын анықтауға көмектеседі;
- Тәрбие процесін ойынмен, шығармашылықпен ұштастыру арқылы педагогтің жұмысын жеңілдетеді;
- Педагог пен бала арасындағы сенімді, жағымды қарым-қатынасты қалыптастырады.



## **Арт-терапияны балабақшада қолдану негізіндегі іс-тәжірибенің тиімділігі**

### **2. Тәрбиеленушілер үшін:**

Арт-терапия әдістері мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық, эмоциялық және шығармашылық дамуына оң әсер етеді.

Баланың эмоцияларын еркін білдіруіне және ішкі уайымдарын жеңілдетуіне көмектеседі;


Өзін-өзі тану, өз сезімін түсіну және басқару дағдылары қалыптасады;

Қиял, шығармашылық ойлау, эстетикалық талғам дамиды;

Ұсақ моторика, зейін, есте сақтау қабілеті жетіледі;

Қарым-қатынас мәдениеті, өзара түсіністік пен достық қатынас нығаяды;

Өзіне деген сенімділік артып, қорқыныш пен мазасыздық деңгейі төмендейді.



## **Арт-терапияны балабақшада қолдану негізіндегі іс-тәжірибенің тиімділігі**

### **3. Ата-аналар үшін:**

Арт-терапия баланың дамуын ата-аналарға тереңірек түсінуге және отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді.


Баланың эмоциялық жағдайы мен мінез-құлқындағы өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді;

Ата-ананың балаға деген түсіністігі мен шыдамдылығы артады;

Үй жағдайында шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыруға қызығушылық туады;

Баланың психологиялық саулығына назар аудару мәдениеті қалыптасады;

Балабақша мен ата-ана арасындағы серіктестік қарым-қатынас күшейеді.



### Қорытынды

Арт-терапияны балабақшада қолдану – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту процесінің тиімділігін арттыратын заманауи әрі гуманистік бағыттағы әдіс. Ол педагогтің кәсіби дамуына, баланың үйлесімді тұлғалық қалыптасуына және ата-аналардың тәрбие процесіне белсенді қатысуына жағдай жасап, үш жақтың да өзара ынтымақтастығын нығайтады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Молдахметова, Г. М., Кумекбаева, Д. Ж. «Арт-терапия – мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық өрісін дамыту құралы ретінде», Қостанай: 2025.
2. Тауасарова Ұ. М. «Арт-терапия» бағытындағы әдістемелік құрал, Алматы: «Білім әлемі» редакциясы, 2025.
3. Алимбекова А., Қожагулов А. Art practices in preschool pedagogy: world trends and Kazakhstan realities, Алматы: Pedagogy and Psychology журналы, 2020.
4. Ергалиева Г. А., Жантурсева А. А., Мақсотова Т. Т. Арт-терапия мүмкіндіктері: оқу-әдістемелік құрал, Орал: 2016.
5. Лекерова С. А. Балабақшадағы арт-терапияның маңызы және түрлері, [онлайн-мақала], 2024.
6. Рахым Айзада Нурболатқызы. Арт-терапияның балаларды дамыту және түзету құралы ретіндегі мүмкіндіктері, [онлайн-мақала], 2025.
7. «АРТ-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасында» іс-шара туралы хабарлама, Астана, 2024.

